



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 тамыз N 1269. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.11.12. N 1556 қаулысымен. ~P971556

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық
қамтамасыз ету департаменті туралы қоса беріліп отырған Ереже
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 19 тамыздағы
N 1269 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және
функционалдық қамтамасыз ету департаменті
(Денсаулықминің Мемсанэпидемқызмет департаменті) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және функционалдық қамтамасыз ету

департаменті (бұдан әрі - Департамент) Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің бірыңғай орталықтандырылған жүйесіне басшылықты қамтамасыз ететін санитарлық-эпидемиологиялық қызметті мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

Департамент заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

Департаменттің аппаратын ұстауға жұмсалатын шығыстардың бекітілген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шеңберіндегі сметасын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бекітеді.

Департаменттің құрылымы мен құзыretін Қазақстан Республикасының Үкіметі

белгіледі.

II. Департаменттің негізгі міндеттері

Департаменттің негізгі міндеттері:

елдегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау;

республикадағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды зерделеу; белгіленген тәртіппен сыртқы ортаның ластануын жоюға және оның алдын алуға, халықтың енбек ету, оқу, тұрмыс және демалыс жағдайларын жақсартуға бағытталған санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды жүргізуге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды, сондай-ақ аурулардың алдын алу оны төмендетуге бағытталған шаралардың ұйымдастырылуы мен жүргізуіне бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі мемлекеттік және нысаналы бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

республика аумағын адамдардың карантиндік және басқа да аса қауіпті инфекцияларын әкелуден және олардың таралуынан қорғау;

санэпидқызмет органдарын және мекемелерін бюджеттен бөлінетін мақсатты қаражаттардың, сондай-ақ орталықтандырылған бюджеттен тыс қаражаттың есебінен иммундық-биологиялық дәрі-дәрмекпен залалсыздандыру заттарымен, жабдықтармен, аспаптармен, санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету болып табылады.

III. Департаменттің функциялары мен құқықтары

Департамент өз құзыретінің шегінде:
мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметке кіретін органдар мен
мекемелерге басшылық жасайды;

денсаулық сақтау және республика халқының санитарлық-эпидемиологиялық
салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы
зандарының, басқа да нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын жасауға
қ а т ы с а д ы ;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету
бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті жетілдіру
жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

министрліктер мен ведомстволардың қоршаған ортасын жай-күйін
жақсартуға және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған кешенді
санитарлық-сауықтыру шарапарын келіседі;

министрліктердің, ведомстволардың, меншік нысанына қарамастан
кәсіпорындардың, мекемелердің олардың халықтың
санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері
жөніндегі Қазақстан Республикасының зандарын орындауы жөніндегі қызметіне
бақылау жасайды;

өнімдердің, тауарлардың, процестер мен көрсетілген қызметтердің
мемлекеттік стандарттарын, техникалық шарттарын, жобалау нормаларын
келіседі, санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтер мен
нормативтік және әдістемелік сипаттағы өзге де құжаттарды бекітеді;

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету бөлігінде
басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен
мекемелерінің шекараны карантиндік және аса қауіпті инфекцияны әкелу мен
олардың таралуынан сақтау жөніндегі қызметін ұйымдастырады және
Үйлестіреді;

санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;
гигиена және эпидемиология саласындағы ғылыми жетістіктерді тәжірибеге
енгізуге бақылау жасайды;

белгіленген тәртіппен мамандарды аттестациялады;
қала үй-жайларын жоспарлау мен салу жөніндегі жобалау құжаттарын
әзірлеу кезінде санитарлық ережелер мен нормалардың гигиеналық
нормативтердің сақталуына бақылау жасайды, объектілердің салынуы мен қайта
жаңартылуына іріктемелі бақылау жасайды;

жұмыс істеп жатқан объектілерге мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық

қадағалауды

жүзеге

асырады;

республикада өндірілетін жаңа залалсыздандыру, дезинфекциялау, дератизациялау және дезодорациялау заттарын және Қазақстан Республикасына шетелден әкелінетін залалсыздандыру, дезинфекциялау, дератизациялау және дезодорациялау заттарын және ұдайы қауіп төндіретін химиялық және биологиялық заттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізеді;

өз құзыретінің шегінде заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялады.

IV. Департаменттің жұмысын ұйымдастыру

Департаментті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Департамент Директоры сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері болып табылады.

Департамент Директорының орынбасарын Департамент Директорының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі тағайындауды.

Департамент директоры:

Департаменттің жұмысын ұйымдастырады, өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауап береді, орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының арасында міндеттерді бөледі, оларға жүктелетін міндеттердің орындалуы үшін жауаптылығының дәрежесін белгілейді;

Департаменттің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің басқа бөлімшелерімен жұмысын үйлестіреді;

бекітілген лауазымдар номенклатурасына сәйкес Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады. Департамент қызметкерлерін көтермелей мен тәртіптік жаза қолдану туралы мәселелерді шешеді;

барлық мемлекеттік және қоғамдық бірлестіктерде, ұйымдарда, сотта, Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өкілдік етеді, сондай-ақ Департамент атынан шаруашылық шарттарын жасасады;

облыстардың, Алматы және Ақмола қалаларының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерін тиісті әкімдермен келісе отырып қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

эпидемияға қарсы шаралар жүргізуде бөлінген қаражаттың (эпидкор), орталықтандырылған күрделі қаржының билік етушісі болып табылады;

Департаменттің жанынан бас штаттан тыс мамандар институты

ұйымдастырылады. Қызметтің негізгі бағыттары бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру және басқару, гигиена, эпидемиология, микробиология, иммунология мәселелері және залалсыздандыру ісі жөніндегі кеңестер, комиссиялар мен комитеттер ұйымдастырылуы мүмкін.

Департамент заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және таратылады .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК